ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ӨНЕРКӘСІП ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫС МИНИСТІРЛІГІ
ҚҰРЫЛЫС ЖӘНЕ ТҰРҒЫН ҮЙ-КОММУНАЛДЫҚ
ШАРУАШЫЛЫҚ ІСТЕР КОМИТЕТІНІҢ
«ЖОБАЛАРДЫ МЕМЛЕКЕТТІК ВЕДОМСТВОДАН
ТЫС САРАПТАУ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
КӘСІПОРНЫ
(«МЕМСАРАПТАМА» РМК)

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ ХОЗЯЙСТВЕННОГО
ВЕДЕНИЯ «ГОСУДАРСТВЕННАЯ
ВНЕВЕДОМСТВЕННАЯ ЭКСПЕРТИЗА ПРОЕКТОВ»
КОМИТЕТА ПО ДЕЛАМ СТРОИТЕЛЬСТВА И
ЖИЛИЩНО-КОММУНАЛЬНОГО ХОЗЯЙСТВА
МИНИСТЕРСТВА ПРОМЫШЛЕННОСТИ И
СТРОИТЕЛЬСТВА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
(РГП «ГОСЭКСПЕРТИЗА»)

Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Байқоңыр ауданы,
Күлтөбе қысқа көшесі, 7 ғимарат. Тел: 8 (7172) 57-44-84, факс: (7172) 54-14-93
e-mail: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

Республика Казахстан, 010000, г. Астана, район Байконыр,
переулок Култобе, здание 7. Тел: 8 (7172) 57-44-84, факс: (7172) 54-14-93
e-mail: gosexpertiza@gosexpertiza.kz

03.07.2025 № 01-01-11/3407

Seguro comp ЖК
Жанабергенов Ж.Б.
Email: info@seguro.kz

Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетінің «Жобаларды мемлекеттік ведомстводан тыс сараптау» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – Кәсіпорын) «Мемсараптама» РМК филиалдары үшін серверді мемлекеттік сатып алу №14896402-1 (№73300672-ОК2, 73302336-ОК2, 73302410-ОК2 73300749-ОК2 лоттары) сатып алуға қатысты 2025 жылғы 26 маусымдағы №261966 шағымыңызды қарап, өз құзыреті шеңберінде келесіні хабарлайды.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 01 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының *(бұдан әрі – Заң)* 25-бабының 1-тармағына егер **тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, сараптама комиссиясының (сарапшының)** әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, әлеуетті өнім беруші конкурс, аукцион тәсілімен мемлекеттік сатып алудың қорытындылары туралы хаттама орналастырылған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде олардың **әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне веб-портал арқылы шағым жасауға құқылы**.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының *(бұдан әрі – Қағидалар)* 590-тармағына сәйкес **шағымды мәлімделген талаптар (дәлелдер) шегінде** шағымдарды қарауға жауапты тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының құрылымдық бөлімшесі не лауазымды адамы **қарайды**.

Қағидалардың 596-тармағының 4) тармақшасына сәйкес тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне жасалған шағымда қажет болған жағдайда растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзудың нақты фактілері көрсетілуге тиіс.

Өз кезегінде, Заңның 25-бабының 2-тармағында осы баптың 1-тармағында көзделген шағым беру үшін мерзім аяқталған күннен кейін үш жұмыс күні ішінде тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының шағымды қанағаттандыру не қанағаттандырудан бас тарту туралы шешім қабылдау туралы міндеттемесі көзделген.

Баяндалғанның негізінде «Мемсараптама» РМК филиалдары үшін серверді мемлекеттік сатып алу №14896402-1 (№73300672-ОК2, 73302336-ОК2, 73302410-ОК2 73300749-ОК2 лоттары) сатып алуға қатысты 2025 жылғы 26 маусымдағы №261966 шағымның ақпараттық сипатта болуына және қандай да бір әлеуетті өнім берушінің Қазақстан Республикасының, оның ішінде мемлекеттік сатып алу саласындағы заңнамасын бұзғаны туралы мәліметтерді қамтымауына байланысты Кәсіпорын 2025 жылғы 26 маусымдағы № 261966 шағымды қараусыз қалдыру (қанағаттандырудан бас тарту) туралы шешім қабылдады.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі № 106-VIII ҚРЗ Заңының 25-бабының 3-тармағына сәйкес Тапсырыс берушінің, ұйымдастырушының, бірыңғай ұйымдастырушының шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылдаған шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Карагойшин Т.Д.
Генеральный директор
РГП "Госэкспертиза"

Орынд.: Жакупов Т.Б.
8-711-2-30-41-35

Жумашова М.Б.
Главный специалист
РГП "Госэкспертиза"

Шарипова Ж.М.
Начальник отдела
РГП "Госэкспертиза"

У А.Л.
Заместитель руководителя комплаенс-службы
РГП "Госэкспертиза"

Жакупов Т.Б.
Главный специалист
РГП "Госэкспертиза"